Бәлкім, қолдарына жүзік, білезік түспегендіктен бе екен, қыз жеңгелері болса соңғы кезде «Осы қызға оқу өтіп кеткен шығар» дегенді де айта бастады. Иә, оның әкесінен бес жастан бастап білім алғаны елге белгілі, әкесі де «Қызым мен білетін іслам діні толық меңгерілді» деп масаттанып отырғанын да талай жұрт есіткен, бұлардың мензеп отырғаны сол болуы керек.

Сақыпжамал да мұның барлығын сезетін. Заманның райынан қорқып, үкіметтің қусырып келе жатқанынан іші секем алады, өзіне тең жігіт кездеспегеніне қынжылып, туыстарының жайы алаңдатады. Жылдағыдай емес, астық та қымбаттап тұр, «Алла ақырын бергей» дейді ішінен, ішкі түйсігі елге қиын тиер, бір аласапыранды кез келе жатқанын аңғартатын тәрізді.

Бүгін немере ағасының әйелі Масаты тіпті қасынан шықпай қойды. «Молда қыз-ау, саған жігіт жақпайтын болды ғой», – деп сөз бастаған ол әңгіме шүйкесін әрі созды.

– Өткенде келгенді айтам... Қатын-қараның інісі ше... қай жері кем? Тым-тәуір-ақ жігіт...

– Түсінігі жоқ қой.

– О немене тағы? Өзіміз түсінік-пүсініксіз-ақ шықтық қой...

– Есіктің алдына менің әдейі тастай салған құрығымды былай көтеріп қоюды білмей, үстінен аттап үйге кіріп келген адамды есероқ, жарымес – деп білу керек жеңеше.

– Онда ана Жамантайдың баласы ше?

– Түу... Жеңеше-ай, алашаның астынан менің тартып отырған қыл арқанымыз жылан екен деп үйден шыға қашқан еркек кімге пана бола алады?

– Мақұл делік. Ал, кеше келіп кеткен Алдонтағар ше? Кен тастаған құрықты апарып белдеуге кыстырды, сенін алаша астынан қозғап отырған арқаныңа мән

де берген жоқ. Сонда ол неден жазып қалды?

– Иә, сонысына мен де алданып қала жаздадым. Алла сақтады одан. Бірақ ол маған емес, қораға көп қарайтын сынайлы. Өзі сыр білдірмеген болып отырғанмен, бар ойы – баю ғой деймін, бір-екі рет ақшалы, қазыналы екенін де айтып қалды. Мұндайлар адамнан гөрі дүниә-мүлікті қадірлейді ғой. Менің жуынып, әдейі қалдырған иіс сабыныма қарағанмен, оның не мән аңғартатынын ұқпады. Ой жоқ сорлы екенін сон-



да білдім. Сонысы дұрыс болды, бізді құдай сақтапты жеңеше.

– Иіс сабын! Ол не мән береді сонда?

– Оны кезінде көрерсіз. Менің оны жанымнан тастамайтынымды білесіз. Ар жағын ойлана беріңіз.

– Түу... Молдақыз-ай... Сенің-ақ жұмбағың бітпеді-ау...

Осы әңгімеден екі күн өте сәскеге жақын Сахи жіберген тағы бір қысық мойын қатпа қара келіп отырғанда Жасекендер де жеткен еді. Ишан отбасы сыйлы қонақтарын қуана қарсы алды, бұл қатпа қараға жақпады. Орта жастағы жаралы қазқтың бұл үймен бұрыннан таныстығы барлығы, оның қасындағы қансағай ірі денелі жас жігіттің көрік, ұзын бойлы келісті пішімі оның танауын қусыра түсті де, сасық күзенше шақ ете қалды.

– Бү не жүріс? Банды емесіңдер ме? Осындай кезде... Тегін емес қой...

– Өзіндікі не жүріс? Не сөз? Жолаушыға, құдайы қонаққа қалай сөйлеуді білмейтін кімсің сен? Үйде бізден бұрын отырғасын амамын құрып тұр. Әйтпесе...

Жасекен әлгіге жиіркене қарады. Анау алған бетінен қайтар емес, жасы үлкенді сыйлау дегенді де ұмыттырды қызғаныштың қызыл иті.

– Не әйтпесе...Тескен тау айдатасың ба? Шалқар мына тұрған жер, милітсе әкеліп, қаматын тастайтын ба осы?

– Өй! Көргенсіз! Құмалағынды дұрыс тастап ал, әуелі! Қасиетсіз! Мен Ленинге он төрт багон балық жіберген Арал үкіметі бастығы Мелетбаев Төлегеннің інісімін. Атым – Жасекен. Бұл елдің көбісі мені біледі. Жанкелдиннің, Рысқұловтың қасында болған адамымы... Сен қусаған жалба тайлақ емес... Әй! Естіп отырсың ба?

Осыдан кейін барып ананың үні өшті, танымаса да ол Жасекен атына қанық еді. Кешегі Шалқар мен Арал арасындағы ақтармен соғыста оның аталған екі азаматқа жол көрсетуші болғанын, тапқырлығын, ізшілдігін бұл ел жыр қылып айтар еді. Қатпа қара шыға

жөнелді. Қымыз ішіп шөл басқан соң, барлығы сыртқа шықты, Сақыпжамал көрінбейді, сірә, отауда отырған болар.

Қыздың сынамаққа қойып отырғанынан хабары жоқ Сейітмағанбет есік алдында жатқан құрықты алып, белдеуге қыстырғаны сол еді, ауыл шу ете қалды. Бұлар бір жұма бұрын Сахи әкеліп қосқан қара бұқаны жеріңгенше арқандап бағып отыр еді, қысық мойын қара әдейі соны босатып жіберіпті. Қазақта мал иесіне тартады – деген сөз бар еді, сол, сірә, рас болар, жас бұқа тура қазандық басында жүрген әйелдер мен балаларға қарай өкіре төніп келеді екен. Ауық-ауық жерде өші бардай топырақты бұрқырата аспанаға атады, бұқаның өкіруі, әйелдер ойбайы мен балалардың жылаған даусынан лезде азан-қазан болған ауыл арасы шаңнан көрінбей кетті. Шалт қимылдаған Сейітмағанбет бұқаның қарсы алдынан шықты, он тоғыздағы жігіт жүген-құрық тимеген шу асауларды бас білдіруімен аты шыққан қарулы болатын, шап беріп бұқаның екі мүйізінен ұстады да, төмен тұқырға бастады, іштей ата-баба аруағына сыйына қимылдап, мойнын бұрап жібергенде бұқа көзі алара бір жағына құлай кетті. Көзді ашып-жұмғаныша болған іске ауыл қайран қалып, «Пәлі, жігітім-ақ екен» десті.

Біраздан соң шайдың дайын болған хабары шықты да, үлкендер үйге кіре бастады. Сақыпжамалдың әріректе беті-қолын жуғанын көрген Сейітмағанбет тілдесіп қалмақ болып солай беттеген, бірақ қыз тез отауға кіріп кетті. Ол қыз жуынған жердегі шәйнекке барып, қолын шайды. Көзі шағыр үстіне қойылған иіс сабынға түсті. Ол қалтасынан беторамалын алды да, иіс сабынды орап, қалтасына салды, «Баяғыда кішкентай бала еді ғой» деп қояды іштей. Өлгіде қыз бөденін анықтап қараған еді, ағасы мақтауын келістірген, айтса – айтқандай бар екен, енді манағы құрықтың да есік алдында жатуы тегін емес екенін сөзді, қыздың иіс сабынды қалдыруы – жігітті ұнатамын деген ишарасы екенін де түсінді.

Дастарханға Сақыпжамалдан басқалар түгел жиналыпты. Жасекен екі күн осында болатындарын айтқан тұста Сейітмағанбет те үйге кірген еді. Осыны күтіп отырғандай қысық мойын қатпа қара да, «Біз батам – өзіммен» деп бетін сипады да, орнынан тұрды, үйден шығып бара жатып: – Екі күннен соң келерміз, – деуді де ұмытқан жоқ.

Үй іші тым-тырыс. Осы тыныштықты Жасекен бұзды. – Не болды, тілдесе алдың ба Жамалмен? Бұл үнсіз басын іззеді.

– Қайдағы тілдескен? Өтірігіне берсе берсін. Бұл Молдақызды көрген де жоқ қой, – деді Масаты.

– Біз асығыстауымыз Ақсер. Балалар қарсы болмаса, құдалық ырымын жасайың, заманның жайы – мынау, адамының сыйқы – анау. Әйтпесе, той жасайтын-ақ шаруа... Бір зобалаң болып тұр ғой ел басында...

– Құдалығы несі? – деп Масаты шыр ете қалды, – Қыз не дейді?

Осы кезде қоныр мақпал үн естілді. – Бастай беріңіз аға. Жамал келісті.

Бұл Сейітмағанбет еді. Жасекен шыдай алмай орнынан қозғалақтап кетті:

– Бөрекелді... Айналайын... Істің сәтін сала ғөр...

– Токта... Болмайды... Молдақыздан сұрайын.

Масаты шыға жөнелді де, сәлден соң қайта оралды. Абдырап тұр.

– Келісіпті... Түсінбеймін... Қай уақытта сөйлесіп үлгіріп жүр бұлар...

Қалған шаруа тез шешілді, қысық мойын қатпа қарадан қауіптенген Ақсер ауылды жинап, ұзату ырымын жасады, түстен кейін қыз жасауын екі түйеге теңдеп, олар жолға шықты, алдыда тізген түйелерді жетелеген Жасекен, екі жас сәл кейіндеу келеді. Осылайша заман тыныш кезінде ишанның Орын-бор шеберлеріне он бес жылқы беріп, өзіне арнайы жасатқан сәуекелесін киген Сақыпжамал күрең жорғамен Аралды бетке алған болатын.

Алдажар ӘБІЛОВ



Соғысқа қалам мен қаруды қатар ұстап қатысқан қазақ ақын-жазушылары аз емес. Олар қалың жұртты жалынды жырларымен, орамды ойларымен қанаттандырып, жауынгерлер рухын көтерді. Солардың бірі менің атам Әбәлі Егізбаев еді. Ел басына күн туған қатерлі шақта атамның сағынышын, туған жерге деген махаббат пен жауды ертерек жеңіп елге оралсақ деген армандарын арқалаған хаттары келіп жатты.

Әбәлі Егізбаев 1907 жылы Қармақшы ауданының бұрынғы 9-ауылында дүниеге келген. Сауатын ауыл молдасынан ашып, 1928-1930 жылдарда Қызылорда қаласында Ғ.Мұратбаев атындағы жеті-жылдық қазақ мектебінде оқуын жалғастырды. Мектепті бітіргеннен соң Қармақшы ауданына келіп комсомол, кеңес, қаржы мекемелерінде қызмет атқарды. 1933 жылдан бастап оқытушылық қызметіне кірісті. «Еңбекші», «Жаңаталап», «Қызылтам» және Ленин атындағы мектептерде оқытушы, мектеп директоры қызметтерін атқарды. Тұрмағанбеттің шәкірті болды.

1938 жылы «халық жауы» деген жаламен ұсталып, қамауға алынды. Ешқандай кінәсі дәлелденбесе де, 1939 жылдың 22 қаңтарында облыстық сот үкімімен 15 жылға сотталды. Қандай қиыншылық болса да мойымай, Отанына деген адалдығын, халқына деген сенімін жоғалтпай, бәрін көтере білді. 1939 жылы 13 тамызда анасы мен әжесіне жазған хатында «Мені ойлап, көп қайғырма! Мен жалғыз ғана жүргенім жоқ. Қызыл ордада жүздің бірі болсам, Қазақстанда мыңның бірімін, Советтер одағында миллионның бірімін. Солармен көрем! Үкімет күйдірмейді, ашады. Тілек тіле!» деп өзінің ақталатынына сендіреді.

Осылайша 1941 жылдың жаз айында ақталып, елге оралып, мектепте ұстаздық қызметін жалғастырды. 1942 жылдың 17 шілдесінде Қармақшы аудандық әскери комиссариаты арқылы майданға аттанды. Тотекі қаласында әскери дайындық курсынан өтіп, Воронеж майданында шайқасқа қатысты. Осы шайқаста ауыр жаракаттанып, госпитальға түседі. Қаламын жанына серік еткен атам госпитальда емделіп жатып, «Жорық жыланда» атты дастанын және басқа да бірнеше өлеңдерін жазды.

Госпитальда алты ай емделіп, қайтадан майданға аттанды. Барабинск қаласында тұрған теміржол батальонына жіберілген. Батальон Орел, Староосколь, Невель қалаларында 1943 жылдың қазан айына дейін болады. 1944 жылы 5 шілдеде Латвия жеріне аттануға бұйрық болғанға дейін теміржол әскери бөлімі құрамында қызмет етті, 1945 жылдың басында Шығыс майданына аттанып, Жапонияға

қарсы соғысқа қатысып, осы жылы қыркүйекте Маньчжурияда қаза тапты.

Атамның Алматы қаласында болған кезде бір жолдасына тапсырып кеткен қойын дәптері көп жыл өткен соң табылды. Сарғайған дәптердің ішінде соңғы хат 1945 жылдың 5 тамызында Амур облысы Полярковск станциясынан жазылған.

«Талаптан, үйрен, ұмтыл, алға талпын!» деп, туған жер мен елді сағынған ыстық сезімін білдірумен қатар, елінің құмы – күміс, тасы – алтын екенін, табиғатының өзін ештеңеге теңестірмейтінін сипаттаған. Елге деген ыстық сезімге қоса жаңа өсіп келе жатқан жастарға алға талпынып өмірдің бигіне шығындар, техниканы меңгергендер деген үгітін қосқан. Сонымен қатар, соғыста жүріп ардақты анасына, жарына, туған жерге, ауыл адамдарына деген сағынышын арқау еткен «Анаға хат», «Ауыл адамдарына», «Ел-халыққа», «Тілек» дейтін өлеңдерін де тебіренбей оқу мүмкін емес.

«Орнында бар оналар» демеуші, әжеміз Қаншай балалары Нағмеділін және Амангелдіні ешкімнен кем қылмай өсіріп, білім берді. Үлкені Нағмеділіннен 8, кішісі Амангелдінен 5 бала және олардан немере-шөберелер бар.

Балалары 1969 жылы «Жазушы» баспасынан «Жауынгер жүрегі», 1996 жылы ҚР ҰҒА-ның «Ғылым» ғылыми-баспа орталығынан «Елімнің сырын еттім жыр», 2007 жылы «Алматы» баспасынан «Майдан хаттары» атты атамның өлеңдер жинағын кітап етіп жарыққа шығарды, халыққа таныстырды. 1987 жылы Қазақстан Жазушылары Одағы басқармасының шешімімен Қармақшы ауданында Әбәлі Егізбаевтың 80 жылдығы, 1997 жылы 90 жылдығы аталып өтті.

2005 жылы әкем Амангелді атамды жерленген Маньчжурияға барып, зиратына ескерткіш қойып, елден апарған топырағын салып, құран бағыштап, тағзым етіп қайтты. Бүгінде Әбәлі Егізбаевтың есімі Қызылорда қаласы мен Қармақшы ауданындағы көшеге, Жосалы кентіндегі №121 орта мектепке беріліп, аудан орталығына бюсті орнатылды.

Жанат ӘБЭДЛИЕВА, майдангер ақынның немересі, облыстық мемлекеттік архивінің басшысы

Білім саласының сардары

Білім саласының ардагері, ұлағатты ұстаз Ерденбек Мұқанов 1942 жылы 4 шілдеде ұстаз отбасында дүниеге келген. 1958 жылы орта мектепті бітіріп, қолына аттестат алған жасөспірім (алдында мамандық) оқу орнын тандау керек болды. Жас түлекті алғашқыда дәрігер мамандығы да қызықтырды, ойланды, таңалды.



Мұғалім мамандығына қызығушылық Қызылорда педагогикалық институтына алып келді. 1964 жылы қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі мамандығы бойынша бітіріп, еңбек жолын Шиели ауданы №154 «Тартоғай» мектебінде бастады. Жас ұстаз педагогикалық оқуларда өзінің жаныналық деген талпынысымен, еңбекқорлығымен таныл-

ды. Мұғалімнің ізденімпаздығын, жалындылығын жас жігерін байқаған білім бөлімінің басшылығы оны 1971 жылы №154 мектептің директорылығына тағайындады. Үміт ақталып, мектеп ұйымының көрсеткіштері, оқушылардың білім сапасы алдыңғы қатарға шықты.

Ерденбек Бектайұлының директорлық карьерасы осылай

басталып, 1971-2008 жылдар аралығында Шиели ауданының №№154, 141, 40, 41 мектептерінде 38 жыл абыроймен қызмет жасады.

Өрине, мектеп директоры болып қырық жылға жуық қызмет атқарған азаматтар жиі кездесе бермейді.

Ереккен мектеп ұжымдарына басшылық жасаған кезеңдерінде

өзінің ізденімпаздығымен, іскерлігімен ерекшеленді. Мектептердің оқу-тәрбие процесі сапалы деңгейге көтеріліп, оқушылар пәндік олимпиадалар мен білім сынақтары бойынша жақсы нәтиже көрсетті.

Өзіне де, өзгеге де талап қоя білетін басшы ұстаздардың білімі мен білігін арттырудың назарда ұстады. Жетістіктің басты кілті осы жерде екенін жақсы түсінді.

Оқу мен еңбек – егіз. Оқушыларға білім бере отырып, еңбекке тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлді.

Егемендіктің алғашқы уақытындағы қиындықты, әсіресе білім саласы ерекше сезінді.

Осындай қиын кезеңде №41 мектеп директоры қосалқы шаруашылық ұйымдастырды. Қаз-үйрек өсіріп, қаражат тауып, оны мектепті жабықтауға, мектеп интернатына азық-түлік алуға пайдаланды. Шаруашылыққа қажетті машина, трактор басқа да техникалар жинақталды, база қалыптасты.

Аталған шаруашылық негізінде оқушыларға сапалы еңбек тәрбиесі беріліп, техника тілі үйретілді.

Мектептің бай тәжірибесі

1994 жылы республикалық семинарда өте жақсы бағаланып, республика көлеміне таратылды.

1989 жылы Солтүстік Қазақстанда, 1992 жылы Целиноград облысында «Оқушыларға білім беруді еңбекпен ұштастыру» тақырыбында өткен конференцияда мектеп директоры өз тәжірибесімен бөлісті.

Е.Мұқановтан білім алған мыңдаған түлектер республиканың барлық аймақтарында қызмет атқарып, егемендігіміздің тұғырын нығайтуға өз үлес-терін қосып келеді.

Ұлағатты ұстаз «Еңбек ардагері» төсбелгісімен марапатталған. Шиели ауданының Құрметті азаматы. Өмірлік жолдасы Үрлөй апай да тәжірибелі ұстаз. Қазір қос ұстаз үлкен жанұяның отағасы мен отанасы, бақытты гүмбір кешуде.

Ал Ерденбек Бектайұлы 80-нің сенгіріне шығып, ізбасарлары мен өскелең ұрпаққа ұстаз онегесін дарытып, ел бірлігін сақтауға үлес қосып келеді.

Сәбит ШИЯСОВ, қалалық ардагерлер кеңесінің алқа мүшесі

Хаб

● БӘРЕКЕЛДІ!

Мақсат – Сыр елінің мақтанышы

Ел рухын биік ұстаған Мақсат бауырымды барша Сыр жұртының атынан елеулі жеңіспен құттықтаймын! деген лебізін білдірді.

Биыл он бірінші мәрте жалауын көтерген беделді бәсеке қай балуанға да оңай түскен жоқ. Еліміздің әр өңірінен жиналған үздіктердің әрбірі кілең сайдың тасындай іріктелген мықтылар болатын. Олардың арасынан ақтық сынға дейін іркілмей өтіп, жеңіс тұғырына қадам басу – әрине, әрбір балуанның көздеріне межелі. Мақсат бұл турнирге аянбай дайындық жүргізді. Алматы қаласында бір айға жуық оқу-жаттығу жиынын өткізді. Жеке бапкері Болат Кенесетін ақыл-көзінесіне құлақ түрді. Республикалық турнирге жолдама алған тағы бір қызылордалық балуан Нұрым Сәлімгереев те бар. Оқу-жаттығу жиынын өткізуге облыстық мәдениет және спорт басқармасының басшысы Руслан Рүстемов қолдау көрсеткен болатын.

– Әсем Алауға тәрізінде өткен дайындықтың Мақсатқа көп пайдасы тигенін аңғардым. Ол өзіне сенімді болды. Әрбір белдесуінде салықанды қапынан айныған жоқ. Қарсыласын қапы қалдыратын қолайлы сәтті күтті, онысы әр белдесуде сәтті жүзеге асып жатты. Мәселен, Ерасыл Қажыбаев пен Мұхит Тұрсынов ешкімнің ыңғайына жығыла қоятын жігіттер емес. Сондай-ақ, жас болса да Ерасыл Жаңабас нағыз бабындағы спортшы. Жартылай финалда Ғалымжан Қырықбаев қалай ойын көрсеткенін жанкүйерлер жасы біледі. Қысқасы, Мақсаттың финалға дейінгі барлық қарсыласы осал болған жоқ. Қазақтың нағыз сомбілек, апайтос ерлері.

1-бет



Міне, осылардың ішінен Мақсат мақсатына жетті, – дейді бапкері Болат Кенесетін.

Ақтық бәсекеде қызылордалық балуанға маңғыстаулық Нұрәулет Жарылғапов қарсылас атанды. Ол да осал емес. Шешуші сынға дейін барлық қарсыласын сенімді түрде жеңді.

Финал көп уақытқа созылған жоқ. Ығыты келіп әбжіл әдіс қолданған Мақсат маңғыстаулық балуанның жауырынның жерге тигізді. Осылайша Сыр елінің үкілеп қосқан ұланы «Қазақстан барысы» турнирінің жеңімпазы атанды.

– Шәкіртім талай жарыста топ жарып жүр ғой, бірақ бұл бәсекенің жөні бөлек. Мен Мақсатты бала жасынан білемін. Алғаш күрес залына келген сәтте де көз алдымда. Ол кезде шамамен 10-12 жастағы бала. Әдепкі кезден өзін жаксы қырынан көрсетті. Салмақты, жеңіске деген жігері ерекше. Қазақ күресімен бірге ол дзюдо,

самбомен айналысады. Бүгінге дейін ел біріншілігінде топ жарды. Азия чемпионы атанды. Былтыр «Үздіктердің үздігі» турнирінде чемпион болды. «Әлем барысында» күміс медаль алды. Қысқасы, Мақсаттың «Қазақстан барысы» турнирінде жеңімпаз атануы заңдылық. Әлі де үмітіміз зор, – дейді бапкері Болат толықнысты үнмен.

Жеңімпаздарды марапаттау рәсімінде ҚР Премьер-министрінің орынбасары Ералы Тоғжанов, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов және өзге де азаматтар болды.

Халықаралық турнирде Мақсат Исағабайловқа 25 млн теңге, алтын белбеу мен ауыспалы «алтын тайтұяқ» табысталды. Күміс жүлдегер Нұрәулет Жарылғаповқа 5,5 млн теңге берілсе, қола жүлдегер жамбылдық Ғалымжан Қырықбай 1,8 млн теңге алды.

– Мақсат – отбасында төрт баланың кенжесі. Бала кезі-

нен алғыр, елгезек, шымыр болып өсті. Қармақшыдағы балалар мен жасөспірімдер спорт мектебіндегі күрес үйірмесіне барған сәтін де қолдау білдірдім. Үлкен жетістікке жету үшін тынбай тер төгу қажеттігін айттым. Алғашқы жарысында оқушы портфелін жеңіп алғаны әлі есімде. Содан бері әрдайым жоғары нәтиже көрсетуге күш салып келеді. Мақсаттың Динара, Әсел, Мұхтар есімді бауырлары бар. Олардың ешқайсысы спортқа жоқ. Өзім облыстық мәслихатта қызмет атқарамын, отанасы Роза Қуанбаева халыққа қызмет көрсету орталығында еңбек етеді, – деді балуанның әкесі Аманбай Нұржанов.

Қазір шын мәнінде, бұл шаңырақтың қуанышында ішек жоқ. Бұл қуаныш – Сыр елінің қуанышы, «Қазақстан барысы» деген рухты жетістіктің киелі мекенге жайылған сәулесі іспетті.

Жеңіс құтты болсын!

Жуырда Бахрейн мемлекетінің астана-сы – Манама қаласында өткен жасөспірімдер арасындағы Азия біріншілігінде аралдық Алматысы Болатұлы мен Әмірмұхаммед Кабулов грек-рим күресінен Азия чемпионы атанды.

Аралдық спортшылар Азия чемпионы атанды



№19 Арал ауданының олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебінің спортшылары байрақты бәсекеде ел мерейін тасытты. Жастайынан спортпен айналысқан өрендер құрлықтық додаларн осылайша құр қайтқан жоқ.

Қос балуанның жеңіс тұғырынан көрінуіне Талғат Қожекенов, Бахтияр Төлебаев, Ардақ Танабаров сынды бапкерлер үлес қосты. Сондай-ақ, ел құрамасының аға жаттықтырушысы Алмат Кемісбаевтың да еңбегі зор.

«СБ» ақпарат

Музейдегі бір күнім



Қазақ елінде мақтанш ететін киелі орындар жеткілікті. Атап айтсақ, Қорқыт ата, Арыстан баб, Қожа Ахмет Ясауи, Ибрагим ата, Қарашан ана кесенесі. Осындай қасиет пен тылсымға толы мекендердің ғасырлар бойы сақталып, біз сияқты жастарға мұра болғанына қуанамын.

Алайда кей кезде бұл орындарға бару уақытты және азын аулақ қаражатты қажет етеді. Оның орнына барлығын үнемдеп алысқа ұзамай-ақ өз қаламыз қасиетті мекендерді тануыма мүмкіндік көп. Осы мүмкіндікті маған тағылымы мол, әсері ерекше орын – музей берді.

Маған ғасырлардың куәсі болған жәдігерлерді көру, олардың тарихына үңіліп, дүниетанымымды толықтыру қатты ұнады. Сол себепті де музейге жиі барып тұрамын.

Қызылорда қалалық музейде көптеген іс-шаралар жиі ұйымдастырылып тұрады. Осындай шаралардың бірі әрі бірегейі – «Жас эскурсовод» жобасы жана бастама болды. Өзімді жана қырымынан шыңдауға мүмкіндік берген бұл байқау шарты бойынша келушілерге музейдің бірінші залын таныстыру маған жүктелді. Қуана келістім, себебі бұл – қаламыздың тарихын, батырларымыздың ерлігін, зиялы қауымның елі үшін жасаған еңбегін насихаттайтын зал.

Таныстырылым барысында көрермендер мәдени құндылықтарға толы жәдігерлер туралы деректерді қызыға тыңлады. Өзіме жүктелген міндетті алып шықтым. Байқау қорытындысы бойынша жүлделі 1-орынға ие болдым. «Ұстазы жаксының ұстамы жаксы» демекші, жаксы жетістікке жетуіме ықпал жасаған музей қызметкерлеріне алғысым шексіз.

Музей ой-өрістің кенесіне, ақыл-ойдың дамуына, туған жердің құрметтеуге тәрбиелейді. Сондықтан да ата-бабаларымыз қалған ұлттық құндылықты білу, оларды насихаттау бізге артылған жауапкершілігі мол міндет деп есептеймін.

Қызылорда қаласы тарихы музейінің ұйымдастырған жобаларына сіздерді де қатысуға шақырамын! Өз тәжірибелеріңізді, мүмкіншіліктеріңізді сынауға мұндай игі бастамалардың тигізер шарапаты ерекше.

Жансаы БЕРІКҚЫЗЫ,
қалалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы «Өлкетану» үйірмесінің мүшесі

ХАБАРЛАНДЫРУ

«ПҚКР» АҚ офистік үй-жайларды, жабдықтарды, құрылыс материалдарын және халық тұтынатын тауарларды сақтауға арналған жабық және ашық қойма жайларды жалға береді.

Тиеу-түсіру жұмыстары, вагондарды Белкөл теміржол стансасына сақтауға қою және олардың ілесіп және кеден құжаттарын ресімдеу қызметтері көрсетіледі.

Қойма жайлар «Сығанақ» құрылыс базары аумағындағы өнеркәсіптік аймақтағы «ПҚКР» АҚ МРБ базасында орналасқан. Базада кірме теміржолдар, теміржол тұйығы, маневр жұмыстарын атқаратын тепловоз және жүк көтергіштігі 32 тоннаға дейінгі крандар бар.

Мекенжайы: Мұстафа Шоқай көшесі, 272, «ПҚКР» АҚ, МРБ базасы.
Байланыс телефондары: 8(7242)29-94-28, 29-99-06, 29-91-29.

Газетіміздің келесі саны 9 шілде, сенбі күні шығады.

www.instagram.com/syrboyi_kz

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Батаның қадір қасиетін, киелі құдіретін атам қазақ «Батадан асқан сөз болмас», «Бата – сөздің атасы» деп бір-ақ қайырган. Қазақтың әрбір игі ісі батамен басталады, батамен аяқталған. Ұлтымыздың үй салу, ұзақ сапарға шығу, отау көтеру, серттеу, жана қонысқа көшу, үйлену, бесікке салу, тұсау кесу, әскер қатарына аттану, ас беру, той жасау, тіпті мал бауыздау сияқты күнделікті тіршіліктегі барша шаралар – батамен басталады. Бұл ықсылым заманнан бері қанына, жанына, санасы мен сүйегіне сіңген, өшпей-өлмей халықпен бірге жасасып келе жатқан, қазақпен бірге мәңгі жасай беретін киелі де қастерлі дәстүр. Егер осы жағдайларда бата берілмесе, істеген ісіміз өз орнын таппай қалуы мүмкін деген ой жан-жүрегімізден әбден орын алған, шынында да солай, оған еш құманыңыз болмасын. Қазақ бар жерде бата болған, бола да берелі. Ассыз дастархан болса да, батасыз дастархан болмаған. Өйткені, бата – ұлтымыздың өшпес мұрасы, іргелі істердің ұйымдастырушысы, санаға дем берушісі. Бата – қазақтың үрдіс-дәстүрлерінің ішіндегі ең қастерлісі, ең қасиеттісі, ең құдіреттісі, еш жоғалмайтын киелісі. Сондықтан, ұлтымыздың игілігі болып саналатын бата беру салтын өзімізден кейінгілерге өз қалпында жаңғыртып жеткізіп, жастар санасына сіңіру – үлкендердің парызы. Себебі, осы заман ұрпағы халқымыздың көп дәстүрін ұмытуда, тіпті тосырқай, менсінбей, мән бермей қарайтындар да табылуда. Бата – ұлтымыздың мәдени мұрасы. Құлдырап, тіпті жоғалып бара жатқан құндылықтарымызды уақыт талабына сай өркендету, насихаттап түсіндіру, үлгі етіп көрсету аға буынға маңызды міндет болып қалып отыр.

Бата – халқымыздың өшпес мұрасы, ұлттық қазынамыз. Сондықтан, мұны кейінгі жастардың, келер ұрпақтың санасына сіңіріп,



жетесіне жеткізіп, көкірегіне құйып, жүрегіне ұялату – біздің, аға ұрпақтың, әкелік те, аталық та, азаматтық та парызымыз. Алдыңғы толқын ағалар осылай етті. Ал біздер осы үдеден шыға алсақ, Құдай біледі, жастарымыздың да жолы ашық, болашағы жарқын ұлттан жиды. Ақ батамен ақ тілек тілеп, мерейімізді тасытып, болашаққа жетелеп, келешекке үміт артып жол сілтеу жастар бойында ұлтын сүйетін, ізгілікті қасиеттерді қастерлейтін, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете алатын, жан-жағына сүйіспеншілікпен қарай алатын қасиеттерді қалыптастыратыны ақиқат.

Батаның мақсаты – елді елдік, адамдарды достастыру, жұртшылықты бейбітшілікке, тыныштыққа, төзімділікке шақыру, ар алдында, Алла алдында таза болуға үндеу. Бата – алдағы күндерден күтер үмітіміз, мақсатқа жету-

ге жетелейтін жолбасшы тілегіміз, асыл арманымыз, жанымызға шап-пағат-шуақ сөйіп, күш-жігер беріп қанаттандырушымыз, салықал сенім мен жоспарымызды жүйелейтін киелі ұлағат. Бата алған адамның мерейі тасып, көңілі жайланады, іс-шаруасы ілгері жылжыды. Ақ батамен ақ тілек тілеп, мерейімізді тасытып, болашаққа жетелеп, келешекке үміт артып жол сілтеу жастар бойында ұлтын сүйетін, ізгілікті қасиеттерді қастерлейтін, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете алатын, жан-жағына сүйіспеншілікпен қарай алатын қасиеттерді қалыптастыратыны ақиқат.

Бата – қазақтың бойтұмары. Бата – серт. Бата – ант. Бата бұзыл-

майды. Ұлтымыздың ұғымында да, өмірлік тәжірибеде де бата бұзғандар оның кепілетіне ұшырап, көсеге көгермейді, көкпест өнбейді, өз қылықтары үшін пұшайман болып, өзінен-өзі іріп-шірді. Бата бұзып, серттен тайғандар бай болып, барша мұратына жетпейді, мақсаты орындалмайды. Мұндайлардың талайын көзбен көріп те жүрміз. Анттан айнығандар имансыз деп танылып, ел жұрт алдында қарабет болып, атамекенін тастап кетуге мәжбүр болады.

Халқымызда «баталасқан», «батасын берген», «батасын алған», «батанды бер», «бата бұзған» деген киелі сөздер тектен-текке ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан жай гәп емес. Ол

халқымыздың тәу етер пірлі ырымы, жанымызға серік демесушіміз, арғымақ қиялымыз.

Ал «теріс батаның» жөні тіпті бөлек. Қазақта «теріс бата» ең бір күнәһарларға, өрескел қылық көрсеткендерге, халыққа, отбасына шектен тыс қасірет әкеліп, опасыздық жасағандарға, онда да ерекше жағдайларға ғана берілген. Өйткені, халық батаның құдіретінен қорыққан, батаны ерекше қастерлеген, анау-мынау жерге жұмсамаған.

Батаны кім береді? Батаны жасы үлкен, көрсетер үлгісі мен өнегесі мол, айтар ұлағаты көп, өмір тәжірибесі мен көргені де жетерлік, ел-жұрты мен ағайын арасында абыройлы да сыйлы, беделді адамдар береді. Ата-ағалар болмай қалған жерде елге елеулі болып, қадір-қасиетімен, тәлімді ісімен, өнегелі тәрбиесі бар апа-әжелеріміз бата беріп жатса оның еш сөкеттігі жоқ.

Иә, көсеген көтеріп, көк-теп-көркейгін келсе үлкендердің, халықтың ақ батасын алу қаперлерінде жүрсің!

Атамыздың бір батасының жобасы былайша болатын:

Жарықасын жасаған, аман болсын қосағын. Сүркіялар сығалап, оқ атпасын тасадан. Бөле, жиең, немере, көбейе берсін дос-жаран. Дұшпаның бети аулақ боп, болмасының қас адам. Алауыздық, араздық, барымызды жалмаған. Жалғандық пен жамандық, алмасыңшы жағадан. Тату болса ағайын, ырыстың гүлі солмаған. Ағайын-бауыр бірлікте, ұрпағымыз өссін қиналмай. Тілеген осы тілекті, Қабыл еткей бірі Алла-ай!

Оразбай ҚОСАНОВ,
Қызылорда қаласы

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҒАРБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 «А».

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

Таралымы 23429

Тапсырыс №1064

Кезекші редактор Әділжан ҮМБЕТ

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.